



ALMA
ALMATY MANAGEMENT
UNIVERSITY

Мектептің Консультативтік кеңесі туралы ереже

Әрбір Мектепте Консультативтік кеңес құрылған, оның құрамына декан, бағдарлама жетекшісі, оқытушылар, шетелдік университет өкілі, түлектер, жұмыс берушілер өкілдері және студенттер кіреді. Консультативтік кеңес бағдарламалардың мазмұны мен құрылымын талдайды және сараптайды, жұмыс берушілердің сұраныстары, кәсіби стандарттар мен озық тәжірибелерді ескере отырып ұсыныстар береді. Мектептің Кеңесі оқу процесінің сапасы мен студенттердің даярлығын мониторингілеп, жетілдіреді. Консультативтік кеңестің отырыстарында студенттерді сапалы даярлаудың өзектілігі мен қамтамасыз етілуі, жұмыс оқу жоспары, оқыту нәтижелері, білім беру бағдарламасының паспорты талқыланады.

1. Жалпы ережелер

1.1. Консультативтік кеңес – Мектептің білім беру бағдарламаларын дамыту және сапалы білім беру қызметтерін көрсету мәселелері бойынша кеңесші орган болып табылады.

1.2. Консультативтік кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасына, ішкі нормативтік құжаттарға және осы Ережеге сүйенеді.

1.3. Консультативтік кеңестің құрамына ғылым, білім, бизнес, мемлекеттік қызмет өкілдері, білім беру, экономика, студенттер мен түлектердің сарапшылары кіреді.

1.4. Кеңестің төрағасы — сәйкес Мектептің деканы.

1.5. Кеңес өз қызметін қоғамдық негізде жүзеге асырады.

1.6. Кеңестің шешімдері ұсыныстар мен хаттамалар түрінде қабылданып, ұсынымдық сипатқа ие.

1.7. Кеңес университет ректорының бұйрығымен құрылып, қайта ұйымдастырылып немесе таратылуы мүмкін.

2. Мақсат және негізгі міндеттер

2.1. Консультативтік кеңестің қызметінің мақсаты — білім беру бағдарламаларында жаңа тенденцияларды енгізу және сапаны арттыру, университет, ғылым және бизнестің тиімді коммуникациялық алаңын құру арқылы кәсіби салаларға арналған білім беру бағдарламаларын жетілдіру.

2.2. Міндеттер:

— білім беру қызметтерін іске асыруда көмек көрсету;

— білім беру бағдарламаларын дамытуда басымдықты және болашақтағы бағыттарды анықтауға көмек көрсету;

— мектептің ғылыми және бизнес қауымдастығымен кадрларды даярлау бойынша өзара әрекеттестікті қамтамасыз ету.

3. Функциялар

Консультативтік кеңестің негізгі функциялары:
— Мектеппен бірлесіп Консультативтік кеңестің жұмыс жоспарын әзірлеу және жүзеге асыру;
— Мектеп бағдарламаларының мазмұнын жетілдіру және дамыту бойынша консультациялық, ақпараттық және әдістемелік көмек көрсету;
— Мектептің оқу жоспарлары мен бағдарламаларында бизнестің әлеуметтік жауапкершілігінің принциптері мен нысандарын енгізу;
— Қазақстандағы жоғары білімнің өзекті және басым мәселелерін шешуге арналған практикалық шараларды әзірлеу.
Функциялар қолданыстағы бизнес-процестерге сәйкес қалыптасып, өзгерістер енгізілген кезде жаңадан бекітілген бизнес-процестер бойынша әрекет етеді.

4. Кеңестің өкілеттіктері

- 4.1. Кеңес өз қызметі бойынша шешімдер қабылдауға құқылы, олар ұсынымдық сипатқа ие.
- 4.2. Кеңес өзіне тапсырылған міндеттерді орындау үшін мектептің әкімшілік қызметкерлерінен қажетті мәліметтер сұрауға және алуға құқылы.
- 4.3. Кеңес мүшелеріне кеңестің отырыстарына ұсынылатын мәселелерді дайындау бойынша тапсырмалар беру.
- 4.4. Кеңес өз қызметінің бағыттары бойынша ұсыныстар әзірлеу үшін әкімшілік-управленшілік персоналды, заңды және жеке тұлғаларды тартуға құқылы.
- 4.5. Кеңес отырыстарына университеттің әкімшілігі мен құрылымдық бөлімшелерінің өкілдерін шақыруға құқылы.
- 4.6. Кеңес қабылдаған ұсыныстарды Мектеп деканына жіберу.

5. Кеңестің құрамы

- 5.1. Кеңестің құрамын университет ректорының бұйрығымен 3 жыл мерзімге бекітеді, кемінде 5 мүшеден тұрады. Кеңес мүшелігі мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.
- 5.2. Кеңестің құрамына Кеңес төрағасы, Кеңес мүшелері, олардың біреуі Кеңес хатшысы қызметін атқарады.
- 5.3. Кеңестің құрамына келесі тұлғалар кіреді:
 - мемлекеттік басқару органдарының, әлеуметтік кәсіпкерлік корпорацияларының, ұлттық компаниялардың өкілдері;
 - шағын, орта және ірі кәсіпкерліктің басшылары мен мүшелері;
 - білім беру саласындағы ғылыми және педагогикалық қауымдастықтың жетекші өкілдері;
 - Консультативтік кеңестің мүшелері, бизнес қауымдастығын ұсынатын тұлғалар келесі талаптарға сәйкес болуы тиіс: Мектеп бағдарламаларының бағыттары бойынша кәсіби ассоциациялардың мүшелері. (Кейбір мектептерде кеңес мүшелеріне арнайы ережелер қолданылады. Мысалы, Менеджмент мектебінде мүшелік тек жылдық табысы 30 000 МРП болатын компаниялардың өкілдеріне беріледі);
 - азаматтық қоғамның жетекші өкілдері;

- білім беру, құқық, экономика, саясаттану, халықаралық қатынастар саласындағы сарапшылар;
- университет оқытушылары мен қызметкерлері, университет әкімшілігінің өкілдері.

6. Қызметті жүзеге асыру тәртібі

6.1. Кеңес өз жұмысын кеңес төрағасы бекіткен жұмыс жоспары және отырыс күн тәртібі бойынша жүзеге асырады.

6.2. Кеңестің отырыстары төраға тарапынан шақырылып, әдетте жылына кемінде бір рет өткізіледі.

6.3. Кеңестің отырыстары жеке қатысу арқылы, онлайн немесе ерекше жағдайларда электронды пошта арқылы сауалнама жүргізу жолымен өткізілуі мүмкін.

6.4. Кеңестің отырыстары заңды болып саналады, егер оған оның мүшелерінің кемінде үштен екісі қатысса.

6.5. Кеңес шешім қабылдауды ашық дауыс беру арқылы жүзеге асырады. Шешім отырысқа қатысқан мүшелердің көпшілігі дауыс берген жағдайда қабылданған болып саналады. Ерекше жағдайларда дауыс саны тең болған кезде шешуші дауыс төрағасының болады.